

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасының
Әдіскері: А.Ә.Жақсылықова

Ортаңғы «Толағай» тобы
8наурыз ертеңгілігі
«Көктем аруы»



Тәрбиешілер: Әміреева Алтын
Утеуова Меруерт

Өткізілген уақыты: 6.03.2024
Таушық ауылы

Ж: Армысыздар, құрметті әріптестер, аяулы ата аналар, көрікті қыздар.
Көктемнің алғашқы 8 наурыз мерекесі құтты болсын!

Ж; Өмірдің иесі сен ғазиз ана

Келтірген дүниеге нелер дана.

Анасыз батыр да жоқ ақын да жоқ,

Өмірдің алтын кілті сонда ғана -деп жырлағандай бүгінгі ортаңғы топ
бүлдіршіндерінің «Көктем аруы» қыз сыны сайысына қош келдіңіздер!

Ортаға «Толағай» тобының бүлдіршіндерін шақырайын, толағай тобының
орындауында «Көктем келді» әні қошеметтейік

Қыз сыны, қыз өнері, қыз әдебі,

Тал бойына жарасқан күлкі әлемі

Бір көріп таң қалдырмай сахнада,

Өмірде сақталсыншы бұл әдебі деп ару қыздарымызды ортаға қошеметпен
шақырайық. (қыздар шығады)

Ер балалар қыздарды ортаға алып шығады.

Қоржыннан реттік номерін алады (шығып кетеді)

Ж. Өнерпаздар өнерін салыстырып, Бәйге үшін терлетер шабыстырып,

Әділдікті қолдайтын баға беріп, жіберейік әділқазыларды таныстырып.

Ж: Әділ қазылар алқасымен таныстыру

Алмагүл ерболатқызы

Ата ана

Сайыс 4 бөлімнен тұрады.

1 таныстыру Байқауымыздың бұл бөлімінде аруларымыз өзін өзі
таныстырады.

2»Өнерлі өрге жүзеді» бұл бөлімде аруларымыз өз өнерлерін көрсетеді
(ән,би)

3 «Өз қолдарымен!» дайындаған тағам

4 «Қыздарға әсемдік» жарасады. Сән үлгісін көрсету.

Ж: сайысымыздың алғашқы бөлімі «Таныстыруға» кезек берейік.

Өнер қуып арулар өтер дейміз

Бір басына өнері жетер дейміз

Сайысқа түскен қызда кезектесіп,

Өздерін таныстырып өтер дейміз

Айзере :

Таусылмайтын қызығым,

Тілі тәтті, жүзі гүл,

Айзередей атым бар

Тұрарбектің қызымын.

Гүлзия анам алтындай

Жүреді әркез жарқылдай
Ұстазым бар сан қырлы
Көпшілікті таң қылған
Бәйтерегім солмайтын
Жамандықтан қорғайтын
Атам, әжем тұмарым
«Айзереш» деп қолдайтын.
Маған қарсы болмандар
Жақсы тілек арнаңдар
Сәлем берем иіліп
Қол соғыңдар, қолдаңдар!

Алуа:

Армысыздар халайық,
Амандасып алайық
Менің атым Алуа
Мақтануға лайық
Руым адай ішінде жеменейі
Тілеген ата боламын немересі
Әкем аты Кенжебек
Анам аты Құралай
Өнерімді көрсетейін қазыларға
Әділ қазы әділ шешсін аянбай.

Айым:

Есімі Айым болады.
Жасым беске толады
Руымды менің сұрасаң
Тастемір жары болады.
Ата әжем менің ардақты
Ата анам болса салмақты
Қыздарыңыз қашанда
Барлық істе жан жақты.

Аянат:

Ортаға келдім.
Сәлемді бердім.
Аянат атым,
Қосай боп тегім.
Төрт жасқа толам,
Жеңісті болам.
Сәндібек әкем,

Бар Шырын анам.

Ж: Ендігі кезекте «Өнерлі өрге жүзер» бөліміне ару қыздарымыз дайын болғанша балаларымыздың тақпақтарын тамашалайық.

(бала тақпақ айтады!

Ақыл

Менің анам ардақты

Алтыннан да салмақты

Жақсы көріп баласын

Мәпелейді анашым.

Сартай:

Анашым менің аяулы

Жүзіңіз жылы арайлы

Күлімдесеңіз егер сіз

Жүрекке жылу тарайды.

Әдемі:

Аспандағы айымсың

Бақытымабалаған

Құтты болсын мерекең

Айналайын жан анам.

Исмайл

Бесіктерін әнімен

Тербетуде аналар

Жасай берсін сәнімен

Жер бетінде аналар

Ақпейіл

Құтты болсын ақ анам,

Сегізінші наурызың

Қасымда бол әрқашан

Жансын жарық жұлдызың.

Айдай:

Бәріңізде анасын

Біз үшін күн боп жанасың

Құтты болсын мейрамың

Құттықтаймын анашым.

Қатысушы қыздарымыздың өнерлерін тамашалайық

Бірінші номерлі пәлеше,,,,,,

Айым «Бипыл биі»

Аянат «Өзбек биі»

Айзере «Индиски би»

Алуа өз қолымен бұйым жасау

Ж: Көркемде көрікті аруларымыз дайын болғанша «толағай» тобының бүлдіршіндерінің вальс биін тамашалайық.

Сартай күнтай

Имсайл Еркеназ

Бағдат әдемі

Тобыш Айару

Ақыл Томирис

Тәуекел Айдай

Бекнұр Айнамкөз

Ж: Көркем де көрікті қыздарымыздың өз қолымен дайындаған тағамдарын ұсынамыз.

Келесі кезекте балаларымызға аналарына арнап тақпағын айтуға ортаға шақырамыз.

Тасқын:

Ақ анашым, аппағым

Өзің жайлы тақпағым.

Динара:

Аялаған анашым,

Мәпелеген анашым.

Менің саған тілегім.

Қартаймашы анашым.

Айым:

Ақ жаулықты әжемді.

Ай жүзіне теңедім.

Мейірімін таусылмас

Күн нұрына теңедім.

Алуа:

Мен анамды сүйемін

Сөзін ойға түйемін.

Анашымды ардақтап,

Басымды оған иемін.

Айзере:

Ана біздің күніміз

Ана біздің гүліміз

Аналардан тарайды.

Біздің ана тіліміз.

Тобыш:

Теңдесі жоқ данасың
Арқа сүйер панасың
Еңбегіңді ақтаймын.
Аман болшы анашым.

Аянат:

Менің әжем, бұл әже.
Айтқан сөзі дәл әжем.
Аман болса көреді.
Қызығымды әлі әже.

Келесі мың бұралған биші қыздарымызды «Қуыршақ» биімен ортаға шақырайық.

Ақпейіл, Динара, Айдай.

Ж: Сән үлгісі

Сұлулық табиғаттан басталады.

Көктеммен олар бірге шаттанады.

Бәйшешектей құлпырып, гүлдей жайнаған сүйкімді қыздарымызды ортаға сән үлгісін көрсетуге шақырамыз.

Ж: Жүрегі балалардың ақылға бай «Ана көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар»

Деген бабам шеберлігі ұл қыздардың таң қалғандай «Толағай» тобының бүлдіршіндерінің қол өнерлерін тамашалап жіберейік.

Бекбол

Алия Нұрайым Ибрахим

Ж: Балаларымыздың «Анашым ау» атты әнін тамашалайық.

«Жүзден жүйрік мыңнан тұлпар» демекші бүгінгі сайысымызды таразылап әділ бағасын береді деген оймен келесі сөзді әділ қазылар алқасына береміз.

Ж: Би билеп ән мен күйде аяқталды.

Уақытта біраз жерге таяп қалды.

Көктеммен қоса келген

Ару қыздар, Аналар мерекесі аяқталды.

Құттықтау сөз кезегін ата аналарға ұсыну.



